

«Қарағанды - Қазақстанның тұңғыш кітапхана астанасы».

Бұл жағымды жаңалықты дүйім жұртқа Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Ұлттық кітапхана жарыса жеткізіп, 2001 жылы ресми бекітіп, мақұлдапты. Демек, тұла бойы шежіре тұнған Орталық Қазақстан өңірінің мәдениет саласында жеткен жетістіктері, думанды дала - Арқа төсінің әжімді қатпарында бүккен, сырт көзден жасырған бай қазынасы әлі де мол. Оған осы сиыр жылы жетпістен асып, сексеннің сеңгіріне ұмтылған облыстық Гоголь атындағы ғылыми әмбебап кітапхана айқын дәлел. Кітапхана директоры Жанна Шаймұханбетованың сөзіне сенсек, мәдениет нысанының еліміздің көркеюіне қосар үлесі салмақты һәм елеулі болмақ.

Пенде атаулының күнделікті күйбең тұрмыстан, жүйке жұқартар жанталастан түптің-түбінде қажитыны ақиқат. Ақыл-есі бүгін сүткөректі жан айналадағы әділетсіздікке төзімі таусылып, шыдамы шегіне жетеді. Рухани жұтандыққа ұшырап, надандыққа налиды. Зұлымдықтан түніліп, қастандыққа қаны қараяды. Осы кезде біреу құмар ойындарға беріліп, әбден тойғанша күнәға батса, екіншісі дене шынықтыруға ден қойып, темір-терсекті жұлка көтеріп, оны Қажымұқан бабамыздай нанша илеуге кіріседі. Алқа-жұлқа алысады, қарсыласына бар ашуын төгіп, ойнағандай болып жағасына жар-

Жақсы кітап — Жан азығы



масады. Жалған тірліктен неғұрлым байыз тапқандар отбасы жылуын аңсап, ошақ отына қыздырынады. Тағы біреуі дос-құрбымен сырласып, шер тарқатады. Тұңғық ойға шомып яки өзінің сүйікті ісімен алаңсыз айналысып, сөйтіп у-шуға толы мазасыз тірлікті қысқа аралыққа тэрқ ететіндер де бар. Әйткенмен, технология қанша дамып, құлтемірдің қойыртпағына көндігіп біткендей болсақ та, ең дұрысы, кітап оқу екенін мойындаймыз. Шынайы тарих тұнған тараулар мен кіріспесінен-ақ магниттей тартатын нағыз көркем шығармалар кітапхана сөресінде шаң басып, ұзақ жатқан сайын маңыздылығын жоймайды, керісінше мағұрланып, нұрланып, бойына асылын жинайды. Әлемнің небір ғибратты классикалық туындыларынан лэззат алу немесе қазақтың нас шебер жазушыларының өнеріне еріксіз тәнті болу, бал сорғандай тамсану қандай ғажап, шіркін, біле-білгенге!

Тұтас халықтың төлқұжаты, қазақтың шетелге таныстырар анықтамалығы ретінде қабылданатын Мұхтар Әуезовтей алыптың «Абай жолы» эпопеясындай шедеврлердің көз ілеспестей қолдан-қолға өтіп жататыны да шындық. Міне, осындай құндылықтарды сақтаушы кенді

өлкедегі киелі мекеннің бірі, оқырман қауымға қадірлі һәм ерекше қасиетті, қаланың түйдей құрдасы - орыстың өзіне жақпаған, алайда төрткүл дүниеде тендессіз атакты жазушы атындағы жан азығы ордасына биыл 75 жыл.

Адамзаттың қазіргі құбылмалы, аласапыран заманда рухани құндылықтарға қатты зәрулік танытатындығын, тәкәппар талғаммен қарайтын ескере отырып, кітапхана қызметкерлерінің ақпараттың сан алуан түріне еркін қол жеткізуге мүмкіндіктер жасауға тырысатыны анық. Кітапханашылар бұл жерге бас сұққан әр тұрғынның өркениеті өзіндік жолмен қарқынды дамыған көмірлі өлкенің биік мәдениетімен қауышуға асығатынын түсінеді. Сондықтан, кітапхана ұжымы аталмыш миссиясын тыңғылықты орындау үшін аймақтағы басқа да кітапханалармен өзара қоян-қолтық әрекеттестікте жұмыс жасауды жөн санайды.

Жалпы, облыстағы барлық ұйым-мекемелерде 888 кітапхана қызмет көрсетеді. Оның ішінде 502-сі орта мектептерде және 63-і өзге оқу орындарында орналасқан. Техникалық сипаттағы күрделілінің саны жетеу. Ал бұқара халыққа арналғаны үш жүз алтыға жуық. Мәдениет және ақпарат

министрлігінің орталықтандырылған жүйесіне қарайтын он сегіз кітапхананың тоғызы қалалық және тоғызы аудандықтан тұрады. 4 облыстық кітапхана қатарында Гоголь атындағы әмбебап ғылыми және Абай атындағы балалар, Ж.Бектұров атындағы жасөспірімдер, көрмейтін және нашар көретін азаматтар үшін арнайы кітапхана бар.

1934 жылы құрылып, төрт жылдан соң облыстық дәрежеге ие болған Гоголь кітапханасы оқырман назарын жаулап алу, ыстық ықыласына бөлену үшін мүмкіндік атаулыны қалт жібермек емес. 12 бөлім мен сектор: абонемент, оқырман залы, ақпараттық-библиографиялық, өлкетану, халықаралық кітап, жинақтау және өңдеу, жаңа технологиялар, автоматтандыру, кітапханаларды дамыту бөлімдері, мерзімді басылымдар, интернет секторлары, француз және америкалық ақпараттық ресурс орталығы бұл бағытта белсенділігін жоғалтпауда.

25 мың оқырманның сұранысын қанағаттандыруға қауқары жетерлік кітапханада 400 мыңнан астам басылым сақталатын көрінеді. Бұлар - кітаптар, мерзімді баспасөз, бейне-дыбыс материалдары, тағы да басқа рухани қажеттілікке жарарлық дүниелер. Кітапхананың әр жыл сайын 500-ден артық баспа және электронды бұқаралық ақпарат жарияланымдарына жазылуы - қалыптасқан игі дәстүр. Сирек һәм құнды кітаптар қоры өз алдына бөлек әңгіме арқауы.

Сол отызыншы жылдары кітапхананың алғаш мекен еткен ғимаратында 30000 дана кітап болып, бір жылда 2000 оқырман сауатын ашыпты. 1947 жылы кітапхана жаңа ғимаратқа көшіп, 1952 жылы кітап қоры 60000-ға өсіп үлгерген. Ғылыми әдебиеттер саны артып, Ж.Бектұров, Д.Шаймұханов, А.Чижевский сынды жазушы һәм ғалым тұлғалар келуін жиілеткен. Кейін кітап қоры 400 мыңды маңайлап, ескі ғимараттың тарлығы білінеді. Ақыры 1969 жылы қоныс ауыстырған кітапхана бұл қуанышына қабаттастыра облыстық әмбебап ғылыми кітапхана атағын еншілейді.

Кітапханада «Қазақстанның халық шаруашылығы» газетінің 1928 жылдан,

«Большевик Казахстана» газетінің 1933 жылдан, «Социалистік Қарағанды» газетінің 1939 жылдан бері жарық көрген нұсқалары ұқыпты әрі қалтқысыз күтім арқасында осы күнге дейін толық сақталған.

Ал Отан соғысы жылдары кітапхананың мәдени-ағарту, үгіт-насихат жұмыстарымен алыс ауылдарды аралауға жарамды көлігі сіңірі шыққан жалғыз ат болғаны бүгінгі ұрпаққа қиялдан туған нанымсыз ертегі іспетті көрінетіні рас. 1952 жылы ақпанда Қарағанды облыстық атқару комитеті шешіміне сәйкес, кітапханаға Н.В.Гоголь есімі беріледі. 1996 жылдан бері басшылық қызметте Жанна Кәкібайқызы Шаймұханбетова. Өзіне сеніп тапсырылған шаруаны дөңгелетіп әкеткен іскер келіншек көп ұзамай «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталып,



мәдениет қайраткері атанады. Өзге де кітапхана қызметкерлерінің төккен тері назарға ілігіп, халықаралық кітаптар бөлімінің менгерушісі Ш.Баймурзина «Ерен еңбегі үшін» медалін кеудесіне тағып, кітапхананы дамыту бөлімінің менгерушісі, мәдениет қайраткері Ф.Тимершина облыс әкімінің сыйлығын алады. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу жөніндегі аға кеңесші Қайрат Рахым 2006 жылы «Жылдың үздік кітапханашысы» деп

танылып, облыс әкімі сыйлығына ие болады.

- Мен өзімді ұйымдастырушылық қасиеті басым - менеджер санаймын. Сондықтан, алдын ала құрылған жоспарды қатты қадағалап, ұсақ-түйек бөлшектерді бақылауда ұстаймын. Қазір маман тапшылығы сезіледі. Кезіндегі оқырманның ойындағысын айтпай-ақ білетін, бағыт-бағдар нұсқап, мол білімі аясында ақыл-көнісін аямайтын тәжірибелі кітапханашылардың орны үңірейіп тұрғандай. Тәттімбет колледжінің түлектері бізге жұмысқа орналасқанда, оларға кітапхана ісінің қыр-сырына қосымша ұғындырып әлекпіз. Оқушыны жан-жақты ақпаратпен қамтуымыз қажет. Мысалға, бүгінгі күні мемлекеттік тілдегі әдебиетке сұраныс күрт өсті. Әрине, бұл мәселеге кешенді түрде әзірлендік. Ақша бөлінуде. Тек кітап құны да қымбаттауда. «Кто есть кто в Казахстане» анықтамалығының өзі 38 мың теңге тұратыны біраз нәрсені аңғартса керек. Кітапхана тәртібін бұзып, кітапты уақтылы тапсыруды кешіктіргендерге айыппұл салынады, - дейді Жанна Шаймұханбетова үстіміздегі жылдың наурызында «Индустриальная Караганда» газетіне берген сұхбатында.

Ұлттық салт-дәстүрді жаңғырту, жас дарындардың бойындағы талант ұшқынын дамыту - Гоголь кітапханасының айшықты істерінің бірегейі. «Жыр-жауһар», «Қазақша сөйлесейік» клубтарының отырысында қазақтың марғасқа ақындарының маржан жырлары жас дарындардың аузынан жалын ата төгіліп, талайға қанат бітіріпті. Қазақ тілінің өзекті мәселелері де жиналғандардың қызу талқысына салынып, жаз айларында «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ президенті Сауытбек Абдрахмановпен кездесу өтіпті.

Өлкетану - Н.В.Гоголь атындағы ОҒӨК жұмысының негізгі басым бағыттарының бірі. Бұл бағытта «Орталық Қазақстан» газетінің қаламы жүйрік журналистері Аман Жанғожин, Ермак Балташұлы, Ермағанбет Лұқпанның біраз еңбек сіңіргенін айта кеткен ләзім. «Өлкетану» бөлімі ақпараттық ресурстарды құрастырып, қалыптастырып, оқырмандарға, пайдаланушыларға кең таратылып келеді. Жаңа ақпараттық технологиялар дамыған қазіргі заманда өлкетану бағдарламасының жұмыстары да жандана түсуде. Бағдарлама азаматтардың әлеуметтік маңызы бар ақпараттарға еркін қол жеткізулеріне арналып, 3 жылға есептелген», - деп көрсетілген кітап сайтында.

Қоғамда мәртебесі жоғары, ардақты һәм абзал мамандықтардың бірі - кітапхана ісі. Өйткені адамзаттың рухани азбауы, тығырыққа тіреліп дағдармауы осы жан-дүние сарайларының сапасы мен санына тығыз байланысты. Сондықтан заман ағымына сай жұмыс атқаруды мәні зор меже, биік мақсат тұтқан аталмыш мерейтой иесі - Гоголь кітапханасына жемісті еңбек, жауһар шығармалар тілейік. Көзі қарақты қауымның Қарағандыны кеншілер ғана емес, кітапханашылар астанасы атағына да лайық екендігіне шүбә келтірмейтініне сенеміз.

Алдаберген КЕМПІРБАЕВ.

СУРЕТТЕРДЕ: 1. Мерейтой иесі - Гоголь кітапханасы. 2. Кітапхана директоры Жанна Шаймұханбетова мен «Егемен Қазақстан» РГ» АҚ президенті Сауытбек Абдрахманов. 3. Кітапханада кітап қоры мол.